

Тест спецификациясы

1.Тест тақырыбы: «ҚР Заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді білу» блогы бойынша мемлекеттік білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін арналған тест.

2. Мақсаты: Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін әзірленген.

3.Міндеті: Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау.

4.Мазмұны: Тест ұсынылған төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдайтын 60 тапсырмадан тұрады.

Тестке нормативтік құқықтық актілер: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы», Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы негіздерінде құрастырылған тапсырмалар енгізілген.

Тест тапсырмалары 3 қиындық деңгейінен тұрады:

Бірінші деңгей (А) – 20 тапсырма

Екінші деңгей (В) – 30 тапсырма

Үшінші деңгей (С) – 10 тапсырма

№	Тақырыбы	№	Тақырыпша	Қиындық деңгейі	Тапсырма формасы	Тапсырма саны
01	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі	01	Еңбек шарты	А	10	4
		02	Жұмыс және демалыс уақыты	В		4
		03	Еңбек тәртібі	С		2
01	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі	01	Баланың құқықтары	А	10	4
		02	Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері	В		4
		03	Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және орналастыру	С		2
01	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	01	Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі	А	10	4
		02	Білім беру жүйесін басқару	В		4
		03	Білім беру мазмұны және білім беру қызметін ұйымдастыру	С		2
01	«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	01	«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	В	5	5
01	«Қазақстан Республикасындағы	01	"Қазақстан Республикасындағы	А		4

	ы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы		баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	B	10	4
				C		2
02	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы»	01	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты	B	5	5
01	Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы	01	Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы	A	10	4
				B		4
				C		2
						60

5. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: Қазақстан Республикасындағы еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарына тура қатысы бар басқа да қатынастарды реттейді, еңбек қатынастардағы тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төменгі мөлшерін анықтайды.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі: неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарын реттеудің мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын және құқықтық негіздерін айқындайды, отбасының дамуын Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыты ретінде айқындай отырып, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы: білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларын айқындайды және мемлекет азаматтарының, сондай-ақ мемлекет территориясында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған.

«Педагог мәртебесі туралы» - Қазақстан Республикасы Заңы: педагог мәртебесін айқындайды, педагогтің құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерін және шектеулерін, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.

«Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы: балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына; тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне; тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы: Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары, мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері және олардың өкілеттіктері, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын жоюды анықтайды.

6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 1,5 минут.

Тестінің толық орындалу уақыты – 1 сағат 30 минут.

7. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Тест нұсқаларының эквиваленттілігін:

- тесттің спецификациясына қатаң сәйкестікте құрастырылуы;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында орналастырылуы;
- барлық нұсқаларда бірдей қиындық деңгейінің сақталуы қамтамасыз етеді.

Бір тестіде – 60 тест тапсырмасы.

8. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған әрбір тапсырма үшін - 1 балл.

Дұрыс орындалмаған тапсырма – 0 балл.

Тест тапсырмасын толығымен дұрыс орындағанда – 100 балл.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексі (2025.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

2. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі (2025.01.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

3. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2025.03.02. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

4. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы (2025.01.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

5. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы (2025.01.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің

2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (2025.02.08. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

7. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы (2023.01.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).